

2015 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 маусымдағы № 246 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 маусымда № 5673 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м. а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 5-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2015 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға) қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

КЕЛІСІЛДІ

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і*

_____ А. Мамытбеков

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

1 2

м а у с ы м д а ғ ы

№ 246 қаулысына қосымша

2015 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы

өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға)

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 09.11.2015 № 478 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі	1 гектарға субсидиялардың нормалары, теңге
1.	Жаздық бидай Күздік бидай	300
2.	Жаздық қатты бидай	1000
3.	Сұлы Арпа Тары Қарақұмық	3000
4.	Күздік кара бидай	2000
5.	Бұршақтұқымдас дақылдар	5000
6.	Күнбағыс	9500
7.	Рапс	9000
8.	Зығыр	9500
9.	Мақсары	7000
10.	Қыша	6000
11.	Арыш	6000
12.	Қытай бұршақ (соя)	6000
13.	Картоп	50000 90000 (тамшылатып суару)
14.	Көкөністер	60000 90000 (тамшылатып суару) 2000000 (барлық түрдегі жылыжайларда топырақтың қорғалған жағдайларында, 2 дақыл айналымы)
15.	Бақша дақылдары	30000
16.	Сүрлемдік жүгері мен күнбағыс	10000
17.	Сүрлемдік жүгері	80000 (суаруға)

18.	Жемшөптік дақылдар, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	10000 80000 (суаруға)
19.	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көп жылдық шөптер	10000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК